JUSAN ANALYTICS

Жаңалықтар дайджесі

2023.30.01-2023.03.02

Қытай экономикасы тұрақталып жатқан шақта мыстың бағасы өсуде

https://www.zakon.kz/5383058-tseny-na-med-rastut-na-fone-stabilizatsii-ekonomiki-kitaya.html

ХВҚ Қазақстан экономикасының 2023 жылғы дамуы бойынша болжамын 4.3%-ға дейін түсірді

https://forbes.kz/economy/v_mvf_ponizili_prognoz_rosta_ekonomiki_kazahstana/

	2023, қаңтар		2022, қазан		2022, шілде
	2023	2024	2023	2024	2023
ЖІӨ-нің нақты өсуі, %	4.3 ▼	4.4 ▼	4.4	4.5	3.9

Дереккөз: IMF

“ХВҚ әлемдік экономиканың даму барысын қайта қарап, оны 2.9% болады деп болжады, ал Қазақстан экономикасының 2023 жылғы дамуы бойынша болжам 0.1 п.т.-қа түсірілді. ХВҚ мәлімдеуі бойынша тәуекелдер теңгерімінің қысымы әлем экономикаларының дамуын тежейді, бірақ қазандағы шығарылымммен салыстырғанда қолайсыз тәуекелдер төмендеді. Бұл ретте Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс одан әрі ушығып, ғаламдық шығындар борышқорлық дағдарысты тереңдетуі мүмкін. Біздің болжам бойынша ағымдағы жылы экономиканың дамуы әлеуетті деңгейден 1%-дан астамға артып, 3.8-4.3%-ды құрайды.

Экономикадағы мұндай жағдай, оның ішінде бизнеске фискалдық ынталандырулар арқылы қолдау көрсету; негізгі капиталға инвестицияның жұмсалуын арттыру; ККК толыққанды жұмыс істеуі есебінен тау-кен өндіру секторын қалпына келтіру; Теңізде БКЖ/СҚБЖ жобасы аяқталған соң, мұнай өндіру көлемін арттыру және құрылыс пен сауда саласын дамыту есебінен Үкіметтің елімізде өндірістің дамуын ынталандыру және әртараптандыруды арттыру жоспарларына байланысты болады.”

Клара Сейдахметова

Қазақстанда кепілзатсыз тұтынушылық несиелер портфелі 28.3%-ға өсіп, 7.7 трлн теңгені құрады.

https://kapital.kz/finance/112510/portfel-bezzalogovykh-potrebitel-skikh-kreditov-potyazhelel-na-28-3.html

Дереккөз: ҚРҰБ деректері

"Бөлшек саудалық, оның ішінде тұтынушылық несие беру бірнеше жылдан бері несиелік портфельдің өсімінің басты қозғаушы күші болып келеді. Жиынтық несие портфелінде тұтынушылық қарыздардың үлесі 33.7%-ды құрайды.

Сонымен қатар банк секторын ортақ ымыралықпен цифрландыру және бөліп төлеу жүйесін енгізу де қазақстандықтардың өміріне ерекше ықпал еткенін айта кету керек. Адамдар қымбатшылық және табыстың аз кезінде қажетті тауарларды бөліп төлеу жүйесімен алуға бейім. Осылайша тұтыну шығындарын қарыз ақшамен жабады. Отандық тауарлар жетіспей жатқан шақта, ұсыныс тарапында қиындықтар туындап тұрған кезде мұндай әрекеттер жаппай сипатқа айналады. Бұл түптеп келгенде инфляцияның өсуіне сеп болады."

Сунгат Рысбек

2022 жылы орталық банктер рекордтық көрсеткіш – 1 136 тонна алтын сатып алған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша алтынға деген әлемдік сұраныс 2011 жылдағы бері шарықтау шегіне жетіп, 18%-ға ұлғайып, 4 741 тоннаны құрады.

https://33.ne/kursivmedia/15257

Авторлары: Клара Сейдахметова, Сунгат Ырысбек

Жауапкершілікті шектеу:
Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді,
бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz

© 2023 ж., барлық құқықтар қорғалған.